

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
«МОНТЕССОРИЯ»  
балалар интеллектуалды және  
шығармашылық дамыту орталығы»



Товарищество с ограниченной ответственностью  
«МОНТЕССОРИЯ»  
центр интеллектуального и творческого  
развития детей»

070018, Қазақстан Республкасы, Өскемен қаласы,  
Әуезов даңғылы, 10. Тел: +7-771-051-55-15  
e-mail: [montessoriya@gmail.com](mailto:montessoriya@gmail.com), [www.montessoriya/kz](http://www.montessoriya/kz)

070018, Республика Казахстан, город Усть-каменогорск,  
проспект Ауэзова, 10. Тел: +7-771-051-55-15  
e-mail: [montessoriya@gmail.com](mailto:montessoriya@gmail.com), [www.montessoriya/kz](http://www.montessoriya/kz)

БЕКІТЕМІН:



"Монтессория" балалар интеллектуалды  
және шығармашылық дамыту  
орталығы" жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің директоры  
Мухаметкалиева Ж.З.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балапан» ересек жас тобы  
Тәрбиеші: Зейноллаева Нургул Аймуханбетовна, Глеуканова Гүлім Сунгатқызы

## Қыркүйек

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	Жиын Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жуппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу.
	<b>Құрастыру</b>	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.
	<b>Жапсыру</b>	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.
	<b>Мүсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.
	<b>Музыка</b>	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).
	<b>Сурет салу</b>	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.
	<b>Қазақ тілі</b>	Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.

## Қазан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).
	<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.
	<b>Жапсыру</b>	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру
	<b>Мүсіндеу</b>	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
	<b>Музыка</b>	Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.
	<b>Сурет салу</b>	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.
<b>Қазақ тілі</b>	Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.	

Қараша

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қараша</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу.
	<b>Құрастыру</b>	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.
	<b>Жапсыру</b>	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды киюда қолдану.
	<b>Музыка</b>	Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).
	<b>Мүсіндеу</b>	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
	<b>Сурет салу</b>	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру.
<b>Қазақ тілі</b>	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	

## Желтоқсан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Желтоқсан</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.
	<b>Математика негіздері</b>	Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.
	<b>Құрастыру</b>	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	<b>Жапсыру</b>	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
	<b>Сурет салу</b>	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.
	<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.
	<b>Музыка</b>	Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.
	<b>Қазақ тілі</b>	Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.

## Қаңтар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қаңтар</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	«Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.
	<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.
	<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.
	<b>Музыка</b>	Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.
	<b>Мүсіндеу</b>	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру
	<b>Сурет салу</b>	Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу.
<b>Қазақ тілі</b>	Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	

## Ақпан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Ақпан</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.
	<b>Құрастыру</b>	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	<b>Жапсыру</b>	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.
	<b>Сурет салу</b>	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.
	<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
	<b>Музыка</b>	Аспаптың, сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.
<b>Қазақ тілі</b>	Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.	

## Наурыз

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Наурыз</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға үйрету.
	<b>Математика негіздері</b>	<i><b>Шама</b></i> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.
	<b>Құрастыру</b>	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	<b>Жапсыру</b>	Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	<b>Музыка</b>	Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.
	<b>Мүсіндеу</b>	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	<b>Сурет салу</b>	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.
	<b>Қазақ тілі</b>	Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.

## Сәуір

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.
	<b>Көркем әдебиет</b>	образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану
	<b>Математика негіздері</b>	Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран және т.б.) кеңейту.
	<b>Құрастыру</b>	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру.
	<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.
	<b>Сурет салу</b>	Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).
	<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.
	<b>Музыка</b>	Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
	<b>Дене шынықтыру</b>	Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.
<b>Қазақ тілі</b>	Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.	

## Мамыр

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Мамыр</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	<b>Математика негіздері</b>	Уақытты бағдарлау  Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кенейту.
	<b>Қоршаған ортамен танысу</b>	Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.
	<b>Құрастыру</b>	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.  Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
	<b>Жапсыру</b>	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.  Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	<b>Музыка</b>	Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау
	<b>Мүсіндеу</b>	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.

	<b>Сурет салу</b>	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу
	<b>Дене шынықтыру</b>	Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүрту, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.
	<b>Қазақ тілі</b>	Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.